

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 225 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 18 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 қаңтарда № 22125 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы №225 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9508 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 4 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Аталған бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) жедел резервтің үйлестірушісі – жедел резервтің материалдық құндылықтарымен операция жүргізуге бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Уәкілетті орган жедел резервінің мақсаты";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Уәкілетті органның негізгі міндеттері мен функциялары";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің міндеті (бұдан әрі – Министрлік) жедел резервті құру және оны қолдану болып табылады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтармен операция жүргізу";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар – Министрліктің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – "Апаттар медицинасы орталығы" ММ) ведомстволық бағынысты ұйымдарында;"

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) техника, шатырлар, шаруашылық мүлкі, заттай мүлік, гигиеналық құралдар - Министрлік азаматтық қорғанысының әскери бөлімдерінде сақталады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жедел резервті шығару (пайдалану) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның міндетін атқаратын вице-министрдің шешімімен жүзеге асырылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Жедел резервтің материалдық құндылықтарын сақтау орындарынан мақсаты бойынша пайдалану орындарына дейін және кері орнын ауыстыру Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің шешімі бойынша көлік құралдарымен жүзеге асырылады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Уәкілетті орган жедел резервінің материалдық құндылықтарын жаңарту тәртібі";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жедел резервтің материалдық құндылықтары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің шешімі негізінде сақтау, жарамдылық мерзімдерінің аяқталуына немесе тозуына қарай жаңартылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Берілген өтінімдер негізінде жедел резервті үйлестіруші Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің тиісті бұйрығын әзірлейді, онда жедел резервтің жаңартылатын материалдық құндылықтарын одан әрі пайдалану және толтыру тәртібі көрсетіледі.";

21-тармақ алып тасталсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды жаңарту "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығының "Қорларды есепке алу тәртібі" 8-тарауына және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдегі Кодексінің 250-бабына сәйкес жүзеге асырылады".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамсыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған бірінші күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі*

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі